

**Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің  
«№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық  
кәсіпорынының өзін-өзі аттестаттау тұжырымы**

Атырау қаласы 2022

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі аттестаттау қортындысын жолдайды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығын, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 26 шілдедегі №366 бұйрығын, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің Атырау облысының білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестадан өткізудің 2022 жылға арналған кестесіне сәйкес және Атырау облысы білім басқармасы Атырау қаласы білім бөлімінің №5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны өзін-өзі бағалау туралы 2022 жылғы 29 сәуірдегі №56 бұйрығына сәйкес, 2022 жылғы 03-23 мамыр аралығында №5 «Аққу» бөбекжай – бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі – Бөбекжай-бақша) келесі құрамдағы өзін – өзі бағалау комиссиясы өзін – өзі бағалауды жүргізді:

**Өзін –өзі бағалау комиссиясының құрамы:**

Комиссия төрағасы:

1. Султангалиева Гульназ Кашимовна - «Атырау облысы білім басқармасы Атырау қаласы білім бөлімінің «№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны меңгерушісінің уақытша міндетін атқарушы;

Комиссия мүшелері:

2. Тюлебаева Нургул Токсамбаевна -«Атырау облысы білім басқармасы Атырау қаласы білім бөлімінің «№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны педагог-психологы;

3. Джоламанова Бибигуль Сарбаевна - «Атырау облысы білім Атырау қаласы білім бөлімінің «№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны тәрбиеші;

4. Бекешова Бибигуль Насипкалиевна -«Атырау облысы білім басқармасы Атырау қаласы білім бөлімінің «№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны орыс тілі пән мұғалімі;

5. Балгимбаева Зульфия Койшығариевна - «Атырау облысы білім басқармасы Атырау қаласы білім бөлімінің «№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны медбике;

## Мазмұны

### 1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

1.2. Материалдық-техникалық базаны бағалау

### 2. Оқытумен мен тәрбиелеу қызметін бағалау.

2.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру

2.2. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау

2.3. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани адамгершілік дағдыларды қалыптастыру:

2.4. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауда және денсаулығын нығайтуда қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру .

2.5. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы

2.6. Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау

2.7. Баланың даму мониторинг қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы (мектепалды тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталары)

2.8. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру.

2.9. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы

### 3. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

3.1. МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

3.2. оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар (осы Өлшемшарттардың 6 немесе 7-қосымшаларына сәйкес мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса беріледі)

## **5.Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

5.1.МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру (МДТО ҮОЖ әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің 15 минуттан аспайтын бір бейне материалы қоса беріледі);

5.2.жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау (осы Өлшемшарттардың 8-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, мониторингісінің (қорытынды) көшірмелері қоса беріледі).

## **6.Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:**

6.1.жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (осы Өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі);

6.2.тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

## 1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

**Білім беру ұйымының толық атауы** «Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы мен нақты орналасқан мекенжайы, пошта индексі). Атырау облысы Атырау қаласы, Шағын ауданы Атырау, көшесі №35, құрылыс 2А, пошта индексі 060026

**Заңды тұлғаның байланыс деректері** (телефон, электронды пошта, web-сайт)

<https://akky5.goroo-atyrau.kz>

Телефон: 8-7122-51-32-06; 8-7122-51-32-78;

Электронды адресі: detsad\_akku@mail.ru

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері** (басшысының Т.А.Ә., қызметке тағайындалуы туралы бұйрық көшірмесі, электрондық поштасы) «Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директоры міндетін уақытша атқарушы Акбергенова Гульбану Арыстановнаны тағайындау туралы 18.05.2022ж. №213 бұйрығы.

**Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары** (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі)

-2020 жылы 31 желтоқсандағы Атырау облысы Қаржы басқармасының №163 бұйрығымен бекітілген «Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің» «№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жарғысы;

-«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша филиалының Атырау қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімі Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы куәлік. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 2011 жылы 13 желтоқсан Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН): 111240009759

**-Рұқсат беру құжаттары** (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон) Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын құру туралы Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінен берілген 28.11.2011ж. №1940 қаулысы.

-Техникалық төлқұжат.

-Тұрақты жер пайдалану құқығы, жер учаскесінің кадастрлық №04-066-0051918

-Мемлекеттік білім беру және мемлекеттік медициналық қызметпен лицензия, берілген күні 12.11.2013ж. №00644DR

-Меншік иесі туралы мәліметтер, берілген күні 20.08.2013ж. №002029986613

**Мектепке дейінгі ұйым өз қызметінде төмендегі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алып қызмет атқаруда:**

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы  
[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_)
- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_)
- «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы  
[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_)
- «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы  
[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_)
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>
- "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы . Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы.
- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>  
Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018172>
- Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>
- Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары  
[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077_)
- Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750_)
- Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>
- Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>
- Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>
- Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растай) қағидалары  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020618>  
Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

**1.2.Материалдық-техникалық базаны бағалау** (Қосымша бейнетаспа жалғанды) «№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасының ғимараты 2012 жылы 280 орындық типтік жобамен салынып пайдалануға берілген.

Қазіргі уақытта бөбекжай-бақшасында 12 топ, топтардың барлығы қазақ тілінде; Бөбекжай - бақшасына бала қабылдау 2019 жылдың қыркүйек айынан бастап **INDIGO 24 kz.** -электрондық портал арқылы жүзеге асырылады.

Бөбекжай- бақшасының ғимаратының жалпы ауданы 11514 шаршы метр. Бөбекжай бақшасының ғимараты тұрақты жер пайдалану құқығына ие. Жер учаскесінің алаңы : 1,0000 га. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі: №04-066-0051918.

Бөбекжай бақшасының 2020-2025 жылдарға арналған Даму бағдарламасы жоспарланған. Даму бағдарламасы бөбекжай-бақшасының болашақтағы ең өзекті мәселесін шешуге арналған.

Өрт болған жағдайда адамдарды эвакуациялау сызба жоспары ғимараттың әр қабатында ілініп, өрт сөндіру құралдарымен толықтай жабдықталған. Автоматты өрт дабыл қаққыштар жұмыс жасайды, апаттық (эвакуациялық) жарықтандыру белгілері орналасқан.

Жалпы саны 81 бейне бақылау камерасы орнатылған. Оның 63 ішті, 18 сыртқы түсірілімді көрсетіп тұр. Сақталу мерзімі 30 күн. Дабылқаққыштар мен бейне бақылау камераларының дұрыс жұмыс жасауына ТОО «VM Service stroi» жеке кәсіпкерімен №15 келісім шарт 2022ж. 02.01 келісім шартқа отырылды.

Кәсіпорынның «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу паспорты» жасақталып бекітілген. Жылына 1 рет оқу жаттығу жұмыстары жүргізіледі.

Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларына сай темір шарбақпен қоршалып, 12 топтың ойын алаңы 12-ге бөлінген. Аула аумағында балалардың әрбір жас шамасына сәйкес 12 топқа арналған құмсалғыштар, сырғанақтар, әткеншектермен жабдықталған. Балабақша учаскесіне кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға, санитариялық-аулалық қондырғыларға өтетін жолдар қатты жабынмен жабылған (тротуарлық плитка). Бөбекжай-бақшасының жылу жүйесі автономдық және қалалық таза су желісімен қамтылған.

#### **Медициналық қызметкердің жұмысы.**

«№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» КМКК медбикесі: **Балгимбаева Зулфия Койшығариевна.** Қазақстан ССР Денсаулық Сақтау министрлігінің Гурьевтегі училищесіне кіріп, аталған училищенің толық курсы мен медициналық сестра мамандығы бойынша 1983 жылы бітіріп шықты. Мемлекеттік квалификациялық комиссияның 1983 жылғы 6 июльдағы шешімі бойынша оған медициналық сестра деген квалификация берілді. Диплом ГТ№ 138805.

Мейірбике мамандығы бойынша маман сертификаты бар. Тіркеу № KZ 70VBM 01664268 Берілген күні -19.01.2022 ж. Жалпы еңбек өтілі – 39 жыл, осы мекемеде – 10 жыл.

Медициналық кабинетке, медициналық қызмет көрсету үшін **Мемлекеттік лицензия** № 00644 DR Берілген күні - 12.11.2013 ж.

Бөбекжай-бақшада Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

бекіткен №59 09.07.2021 ж. санитариялық қағидаларын толықтай сақтап, жұмыс істейді.

**Медициналық бөлім:** Санитарлық талаптарға сай жабдықталып, 3 бөліктен құрылған. Жұмыс бөлмесі, екпе бөлмесі, оқшаулау бөлмесі. Бөбекжай-бақшаға тәрбиеленушілер «Бала денсаулық паспорты» 026/у құжатымен қабылданады. Жұқпалы аурулардан сақтану, болдырмау шаралары және сауықтыру-шынықтыру жұмыстары жоспарлы жүргізіледі. Тоқсан сайын антропометриялық өлшемдер жүргізіліп, тәрбиеленушілердің физиологиялық көрсеткіштері бақыланады. Қалалық №5 емханасымен тығыз байланыста жұмыстар жүргізіліп, балалар жыл сайын скринингтен өкізіледі. Мекеме қызметкерлері жылына екі рет уақытылы медициналық тексерістен өткізіледі.

Зарарсыздандыру ерітіндісін дайындау үшін «**ДЕОХЛОР Стандарт**» таблеткалары пайдаланылады. Ерітінді дайындайтын «Ерітінді дайындау» нұсқаулығы бар арнайы орын бөлінген, ыдыстар жеткілікті. 0,03%. 0,015% ерітінділермен жұмыс жасайды. Ауыз су орталықтандырылған.

Бөбекжай-бақшада топ саны - 12. Сыйымдылығы – 280, Тізім бойынша- 263. 2021-2022 оқу жылында: кіші топ -3, ортаңғы топ -4, ересек топ -3, мектепалды даярлық топ-2. Топ балалардың жас ерекшеліктері, Сан Пин талаптарын есепке ала отырып жасақталған.

12 топтың жатын бөлмесінде қабырғаға бактерицидті лампамен және 1 жылжымалы бактерицидті лампамен қамтылған. Сан Пин талаптарына сәйкес желдетіледі. Бөбекжай-бақшаның барлық үй жайлары санитарлық қағидаға сәйкес жұмыс жасауда. Санитарлық тораптар: кіші топтарда 2 унитаз, 2 қолжуғыш, 1 себезгімен қамтамасыз етілген және түбекке арналған ұяшықтар мен түбектер таңбаланған, түбектерді зарарсыздандыру үшін таңбаланған ыдыстар қарастырылған. Ортаңғы топтарда: 3 унитаз, 4 қолжуғыш, 1 себезгі, ересек, мектепалды топтарында топтарда: 4 унитаз, 4 қолжуғыш, 1 себезгімен қамтамасыз етілген. Топтық үй – жайлар, қабылдау бөлмесі, саз бөлмесі, спорт зал, медициналық бөлмелерінде ауа температурасын өлшейтін термометрлер санитарлық талаптарға сәйкес орнатылған. Әр топта тәрбиеленушілер үшін «Алғашқы көмек» жиынтығы қарастырылған.

Барлық топ жуып, жинауға арналған мүккәмалдармен қамтамасыз етілген. Санитарлық торапқа арналған мүккәмалдар сигналды түспен белгіленген.

Кереуеттер мен төсек жаймалары, сүлгілер, топ жиһаздары таңбаланған. Топтарда ас үй жиһаздары мен ыдыстары талапқа сай таңбаланған. Ауыз су режимі дұрыс сақталған. Бөбекжай-бақша бойынша барлық топта үстелдер мен орындықтар, жатын бөлмесінде кереуеттер балалардың бой, - жас ерекшеліктеріне сәйкес, белгіленген өлшемде қарастырылған. Қабылдау бөлмелері балалардың сыртқы киімін шешетін таңбаланған шкафтармен және орындықтармен қамтылған. Күн соңында балалар ойнаған ойыншықтар жуу құралдарын пайдалана отырып жуылып, төңкеріліп кептіріледі. Ойыншық жууға арналған шөтке, табақтар және кептіруге арналған жаймалар әр топ ерекшеліктері бойынша таңбаланған.

**Ас блогы:** Ас дайындау бөлмесі, ыдыс жуу бөлмесі, тамақ тарату бөлмесі, көкөніс қоймасы, құрғақ азық-түліктер қоймасы, салқындату камерасы бөлімдерінен тұрады. Қоймалар талапқа сай жасақталған. Тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтау үшін электронды термометрлері бар тоңазытқыш, мұздатқыш жабдықтары қарастырылған. Температура режимі сақталады.



Мекеме басшысы бекіткен маусымдық перспективтік ас мәзірі жасақталған. Балалардың тамақтануы іс жүзіндегі рационы бекітілген перспективті ас мәзіріне сәйкес жүргізіледі. Аспаздық дайын өнімнің тәуліктік сынамалары арнайы тоңазытқышта сақталады. Тоңазытқышқа арналған термометрмен қамтамасыз етілген. Күнделікті ас мәзірі толтырылып, «С» дәрумені жүргізіледі. «Дайын тағамның және аспаздық бұйымдады органолептикалық бағалау журналы», «Тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналы», «Ас блогы жұмыскерлерін тексеріп- қарау нәтижелері журналы» құжаттары уақытымен жүргізіледі.

**Кір жуу бөлімі:** Лас төсек жабдықтарын қабылдау бөлмесі, кір жуу бөлмесі, үтіктеу бөлмесі, таза төсек жаймаларын өткізу бөлмесі, төсек жаймалары, сүлгілер сақтау қоймасы қарастырылған.

Кір жууға арналған 2- кір жуу машиналары, кептіруге арналған 1- центрифугамен, үтіктеу тақталарымен қамтамасыз етілген. Жаймалары 3 ауысымдық. Сүлгілер жеткілікті мөлшерде. Төсек жаймаларын жууға арналған график жасақталған.

**Кеңес пункті:** Бөбекжай-бақшадағы кеңес пункті-отбасымен педагогикалық ынтымақтастық: бөбекжай-бақшаға бармайтын үйдегі тәрбиедегі балаларды ортаға тарту және мектепке даярлау үшін ұйымдаспаған балалары бар жанұямен өзара қарым-қатынасты орнату мақсатын көздейді.

Осы бағытта кеңес пункт жоспары құрылып, осы мөлтек аудандағы бөбекжай-бақшаман қамтылмаған 3-5 жас аралығында 10 баламен онлайн жұмыстар жүрді. 2020 жылдан бала қауіпсіздігіне байланысты ватсап желісі арқылы группа ашылып, ата-аналарға сұраныстар, кеңес берулер мен психологиялық тренингтер жіберілді. Ата-аналар сұраныстары де ескеріліп, жастарына сай топ тәрбиешілері онлайн видео арқылы оқу қызметтері жіберіліп отырды.

**Психолог кабинеті:**Бөбекжай-бақшада педагог-психологтың жұмысы балалардың физикалық және психологиялық денсаулықтарының қорғаумен байланысты, эмоциалды амандықтарына мүмкіндік туғызатын шарттар жасайды және әр баланың ерекшеліктерінің жайлы және эффективті түрде дамуын қамтамасыз етеді.Ата-аналар мен педагогикалық ұжымға арналған жылдық жұмыс жоспар жасақталып, жыл сайын жүйелі түрде жүргізіліп отырады.

#### **Топтық үй-жайлар**

1	Жастары бойынша топтар олардың ішінде: Жатын бөлмелері топтар	12 12
2	Музыка залы	1
3	Психологтың кабинеті	1
4	Спорт зал	1
5	Меңгерушінің кабинеті	1
6	Әдістемелік кабинет	1
7	Медициналық блок	3
8	Қойма үй жайлары	4
9	Кір жуатын , үтіктейтін орын	2
10	Кеңес пункті	1
11	Есепші кабинеті	1

## **2. Оқытумен мен тәрбиелеу қызметін бағалау.**

Бөбекжай-бақшасының үлгілік оқу жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесі және вариативтік компонентті қоса алғанда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 30 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сай негізделген.

2020-2021; 2021-2022 оқу жылына кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтарына Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты бойынша 12 оқу жоспары жазылып, қалалық білім бөлімімен келісіліп бекітілді. (қосымша жалғанды)

**2.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру мақсатында 2020-2021; 2021-2022 оқу жылына 12 топқа балалардың жас ерекшеліктеріне қарай перспективалық жоспар мамандарды қоса алғанда, вариативтік компонент жоспары және өтпелі тақырыптар, күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызмет кестесі №1 педагогикалық кеңесте бекітілді. Циклограмма перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға құрылды. (қосымша жалғанды)**

**2.2. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау.** (қосымша жалғанды)

Педагог-психологтың 2020-2021; 2021-2022 оқу жылдарына арналған жылдық жоспары құрылып, жыл бойы жоспар бойынша ата-аналармен, балалармен және педагогтармен жұмыстар жүргізді.

**2.3. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани адамгершілік дағдыларды қалыптастыру мақсатында жоспар құрылып сол бойынша жұмыстар жүргізілді.**

**2021-2022 оқу жылындағы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында ұйымдастырылып өткізілген іс-шаралардың жоспары бойынша мәлімет.**

2021 жылдың 5 қыркүйек-Қазақстан халқы тілдері күніне арналған апталық жоспар бойынша «Туған тілім-тұғырым» тақырыбында апталық өтті. Апталықта ортаңғы №1 «Күншуақ» тобының тәрбиешісі Ф.Ж.Рискалиева, ортаңғы №2 «Ботақан» тобының тәрбиешісі Г.Қ.Қозығалиева, ортаңғы №3 «Қошақан» тобының тәрбиешісі А.А.Ихсанова, ортаңғы №4 «Өркен» тобының тәрбиешісі А.Т.Есмағамбетова «Отанымыз-бір, ойынымыз-мың бір!» тақырыбында ойындар, ересек №1 «Жұлдыз» тобының тәрбиешісі Б.С.Джоламанова «Тіл асыл қазына», ересек №2 «Тұлпар» тобының тәрбиешісі Ә.А.Қыдыр «Ана тілі ардағым!», ересек №3 «Балдырған» тобының тәрбиешісі Г.А.Шакиева «Сүйемін туған тілді анам тілін!» тақырыбында

тақырыптық оқу қызметтерін, мектепалды даярлық №1 «Ақжелкен» тобының тәрбиешісі Г.С.Турдалиева, мектепалды даярлық №2 «Балдәурен» тобының тәрбиешісі Г.А.Кереева «Достығымыз жарасқан» тақырыбында сурет көрмесін, «Туған тілім-тұғырым!» тақырыбында ертеңгіліктер, орыс тілі пән мұғалімі Б.Н.Бекешова «Жүздің көркі-көз, ауыз көркі-сөз» тақырыбында тәрбиешілермен сайыс ұйымдастырып өткізді.

«1 қазан – Халықаралық қарттар күні» мерекесіне орай 2021жылдың 30-шы қыркүйек 01 қазан аралығында «Қарттар – асыл қазынам» тақырыбында ересек топтар тақырыптық оқу қызметтерін, мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері ертеңгіліктер өткізді.

«1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні» мерекесіне орай ересек №1 «Жұлдыз» тобының тәрбиешісі Б.С.Джоламанова «Тұғыры биік Елбасы!», ересек №2 «Тұлпар» тобының тәрбиешісі А.Б.Зулхарова «Елін сүйген Елбасы», ересек №3 «Балдырған» тобының тәрбиешісі Г.А.Шакиева «1 желтоқсан - ҚР-ның Тұңғыш Президенті күні» тақырыбында тақырыптық оқу қызметтерін, мектепалды даярлық №1 «Ақжелкен» тобының тәрбиешісі Г.С.Турдалиева, мектепалды даярлық №2 «Балдәурен» тобының тәрбиешісі Г.А.Кереева «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында сурет көрмесін, «Елбасы күні - елдікке құрмет мерекесі» тақырыбында ертеңгіліктер өткізді. 14 желтоқсанда «Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың кітаптары мен ол туралы жазылған туындылар» тақырыбында ересек, мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілерге балаларға көрме ұйымдастырып өткізді. 16 желтоқсан- Тәуелсіздік күні мерекесіне орай «Тәуелсіз елім-Қазақстан» тақырыбында ересек топтарда тақырыптық оқу қызметтері, мектепалды даярлық топтарында ертеңгіліктер ұйымдастырылып өткізілді.

2022 жылдың 13 қаңтарында Рухани жаңғыру мақаласы бойынша «Салауатты өмір салтымыз» тақырыбында дене шынықтыру пән мұғалімі Т.Қ.Мажитова мектепалды даярлық тобының балаларымен спорттық сайыс ұйымдастырып өткізді. «1 мамыр – Қазақстан Республикасы халықтарының бірлігі күні», 9 мамыр – «Жеңіс күні» мерекелеріне орай ортаңғы, ересек топтарда тақырыптық оқу қызметтері, мектепалды даярлық топтарында ертеңгіліктер өткізілді. 1 маусым Дүниежүзілік балалар күніне «Бала тілі-бал» тақырыбында ересек, мектепалды даярлық топтарының балаларымен ертегілер қойылымы, кіші, ортаңғы топтарда ойын-сауықтар жоспарлануда. (Қосымша жалғанды)

**2020-2021 оқу жылындағы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында ұйымдастырылып өткізілген іс-шаралардың жоспары бойынша мәлімет.** (қосымша жалғанды)

22 қыркүйек-Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жоспар бойынша 2020 жылдың 17-22 қыркүйек аралығында «Тіл менің-тірлігімнің тірегі» тақырыбында апталық өтті. Апталықта ортаңғы «Күншуақ» тобының тәрбиешісі Г.А.Шакиева, ортаңғы «Жұлдыз» тобының тәрбиешісі Б.С.Джоламанова, ортаңғы «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі А.Б.Зулхарова «Отанымыз-бір, ойынымыз-мың бір!» тақырыбында ұлттық ойындар, ересек «Балдырған» тобының тәрбиешісі Г.С.Турдалиева «Тіл-достықтың құралы», ересек «Өркен» тобының тәрбиешісі А.Т.Есмағамбетова «Тіл –достықтың алтын көпірі», ересек «Тұлпар» тобының тәрбиешісі Г.Қ.Ғинаятова «Тілім мәртебесі-ел мәртебесі», ересек «Ақжелкен» тобының тәрбиешісі Г.Е.Бекмуханова «Өз тілің-бірлік үшін өзге тілің-тірлік үшін»

тақырыбында тақырыптық оқу қызметтерін, мектепалды даярлық «Балдәурен» тобының тәрбиешісі Г.А.Кереева «Тіл менің-тірлігімнің тірегі» тақырыбында ертеңгілік өткізді. 2020 жылдың 25-30 қараша аралығында «1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні» мерекесіне орай ересек «Балдырған» тобының тәрбиешісі Г.С.Турдалиева, ересек «Өркен» тобының тәрбиешісі А.Т.Есмағамбетова «Менің Президентім!» тақырыбында, ересек «Тұлпар» тобының тәрбиешісі Г.Қ.Ғинаятова, ересек «Ақжелкен» тобының тәрбиешісі Г.Е.Бекмуханова «Елбасымен біргеміз» тақырыбында тақырыптық оқу қызметтерін өткізді. Ересек, мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында балалармен сурет көрмесін ұйымдастырып өткізді. Мектепалды «Балдәурен» тобының тәрбиешісі Г.А.Кереева Елбасы күні - елдікке құрмет» тақырыбында ертеңгілік өткізді. 04 желтоқсанда «Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың кітаптары мен ол туралы жазылған туындылар» тақырыбында ересек, мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері балаларға көрме ұйымдастырып өткізді. 16- желтоқсан – «Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай «Менің Тәуелсіз, Қазақстаным!» тақырыбында ересек топтарда тақырыптық оқу қызметтері, мектепалды даярлық топтарында ертеңгіліктер өткізілді. 2022жылдың 14 қаңтарында «Рухани жаңғыру» мақаласы бойынша «Салауатты өмір салты толағай» тақырыбында дене шынықтыру пән мұғалімі Т.Қ.Мажитова мектепалды даярлық тобының балаларымен спорттық сайыс ұйымдастырып өткізді. 1- мамыр – «Қазақстан халықтарының бірлігі күні» достық мерекесі, 9-мамыр Жеңіс күні мерекесіне орай «Тыныштық болсын әлемде!» тақырыбында ортаңғы, ересек топтарда тақырыптық оқу қызметтері, мектепалды даярлық топтарында ертеңгіліктер өткізілді. 1-маусым балаларды қорғау күніне барлық топтарда ойын-сауықтар өткізілді. (қосымша жалғанды)

#### **2.4. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауда және денсаулығын нығайтуда қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру.**

«Балалар сұлулық әлемінде, яғни ойын, ертегі, ән, сурет, қиял және шығармашылық әлемінде, өмір сүруі керек. Бұл әлем бпланы қоршап алуы қажет...», - деп В.Сухомленский айтқандай, мектепке дейінгі жастағы балалардың қалыпты дамып, жетілуі үшін қажетті дамытушы орта қалыптастыру керек.

Мектепке дейінгі ұйымда оқу-тәрбие жұмысының басты шарты-пәндік дамыту ортасын құру болып табылады. Дамыту ортасы деп пайдалы ұйымдастырылған, әртүрлі материалдармен толықтырылған, балаларға ыңғайлы ортаны айтамыз.

Атап айтатын болсақ,

Ойын орталығы;

Табиғат орталығы;

Әдеби орталығы;

Бейнелеу орталығы;

Сенсорика орталығы;

**Ойын орталығы;**

Бөбекжай-бақшада ойындарға арналған бұрыштар бар. Бұрыштарда түрлі ойыншықтар, әртүрлі аңдардың жан-жануарлардың бетперделері жинақталған. Бұл бұрыштағы заттарды көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту оқу қызметтерінде пайдаланды. Нәтижесінде баланың ұйымдастырылған оқу қызметіне деген

қызығушылығы артады. Ойын орталығында сюжетті рөлдік ойындар «Дәрігер», «Құрылысшы», «Аспазшы», «Шаштараз», «Отбасы», «Шаштараз», «Дүкен», «Жүргізуші» ойындары ұйымдастырылады.

**Табиғат орталығы.** Балалардың табиғи ортаға деген сүйіспеншілігін арыттырып, оны қорғауға деген жауапкершілігін, туған жерге, қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастыру мақсатында топтарымызда табиғат бұрышы жасақталған. Аптаның сәрсенбі жұма күндері ұйымдастырылған оқу қызметінде көрсетілген «бақылау» бөлімі бойынша бөлме гүлдерін баптап суарып, жақсы өсуіне күтім жасаймыз. Нәтижесінде балалар ұйымшылдықпен жұмыс жасайды. Табиғат бұрыштарында бағдарлама бойынша гүлдер, аквариумдар бар. Балалардың жас ерекшеліктері бойынша жыл мезгіліне сай безендіріліп, үй және жабайы жануарлардың макетімен, жемістермен көкөністер муляждарымен толықтырып отырылады. Бақылауға арналған еңбек қызметін ұйымдастыруға арналған құрал жабдықтармен қамтылған. Нәтижесінде, баланың тілі жаттығып танымдық қабілеті дамып, сөздік қоры молаяды.

**Әдеби орталық.** Бөбекжай-бақшада балалардың ойын, сөздік қорын, тілін дамытатын кітаптар бұрыш жасақталған. Кітап бұрышында балалардың жас ерекшеліктеріне сай ақын жазушылардың суреттері, ертегілер, әңгімелер жинағы, суретті кітаптар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, санамақтар, жаңылтпаштар жинағы жасақталған. Балалар өздігінен оқи алмайтындықтан, әңгімелеп айтуға, көркем сөздермен таныстыру жұмысы бағдарлама талабына сәйкес тақырыптық ұстанымдарға негізделген. Балалар осы кітаптардағы суреттерге қарап қысқаша әңгімелер, жұмбақтар құрастырады. Нәтижесінде, баланың тілі жаттығып, танымдық қабілеті дамып, сөздік қоры молаяды.

**Бейнелеу орталығы.** Бейнелеу әрекеті баланың шығармашылық қабілеттерін және барлық басқа қабілеттерін дамытудың тамаша құралы болып табылады. Сонымен қатар, бейнелеу өнерінің көмегімен балалар қоршаған әлемді зерттейді. Шығармашылық бұрышымызда әртүрлі көрнекі материалдар түрлі түсті қарындаштар, фломастерлер, акварельдер, гуаш, мақта бүршіктері (дәстүрлі емес тәсіл үшін) құралдары жасақталған.

**Сенсорлық даму орталығы** кіші топтарда ұйымдастырылған. Сенсорлық дамыту ойындары саусақтардың ұсақ моторикасын дамытуға бағытталған, бұл баланың интеллектуалдық дамуын, сөйлеудің дамуының жақсаруына көмектеседі.

Сенсорлық даму бұрышында фетрадан, қолдан дайындаған көрнекі материалдар, суреттер, әртүрлі талғамдағы балаларға қызмет көрсетуге арналған кеселер, тарелкалар, саусақ гимнастикасы-баулар және дидактикалық ойындармен жабдықталған. Сонымен бірге еліміздің тарихы мен қазақ елінің салт-дәстүрі ерекшеліктерін көрсететін **қазақ бұрышы** жасақталған. Қазақ бұрышында тұскиіз, сандық, көрпешелер, бесік, дөңгелек үстел, домбыра, қамшы, торсық және қазақтың ұлттық киімдерімен жабдықталған. (қосымша жалғанды)

**2.5. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтер;**

2020-2021 оқу жылында 21 педагог жұмыс жасады. Оның ішінде жоғары білімді педагогтар саны-18, арнайы орта білімді-3. Тәрбиешілер саны-14. Оның ішінде

мектепке дейінгі жоғары білімді-13, мектепке дейінгі арнайы орта білімді-3. 2021-2022 оқу жылында 24 педагог жұмыс жасады. Оның ішінде жоғары білімді педагогтар саны-20, арнайы орта білімді-4. Тәрбиешілер саны-18. Оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімді-14, мектепке дейінгі арнайы орта білімді-4. (қосымша жалғанды)

**«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі:**

Оқу жылдары	2021-2022		2020-2021	
	Педагогтар саны	пайызы	Педагогтар саны	пайызы
Мектепке дейінгі (Жоғары білімді)	16	80%	13	181,2%
Мектепке дейінгі (Арнаулы орта білімді)	4	20%	3	18,7%
Мамандар	4	16,6%	5	23,8%

**Педагогтердің біліктілік санаты бойынша:**

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары біліктілік санатты (саны, пайызы)	Педагог-зерттеуші (саны, пайызы)	Бірінші Біліктілік санатты (саны, пайызы)	Педагог – сарапшы (саны, пайызы)	Екінші Біліктілік санатты (саны, пайызы)	Педагог модератор (саны, пайызы)	Санаты жоқ (саны, пайызы)
2021-2022	24	1/ 4,1%	-	2/ 8,3%	-	7/ 2,9%	7/ 2,9%	7/ 2,9%
2020-2021	21	1/ 25,7%	-	4/ 19%	-	10/ 47,6%	-	6/ 28,5%

**Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру туралы**

Оқу жылдары	Педагогтар саны	ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы		"Назарбаев зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы		(Тағы басқа курстар бар болса)	
		саны	пайызы	саны	пайызы	саны	пайызы
2021-2022	24	2	8,3%	1	4,1%	1	4,1%
2020-2021	21	2	9,5%	-	-	4	19%

**Педагогтардың білімін жетілдіру 2021-2022ж.**

Р/с №	Педагогтардың аты-жөні	Тақырыбы	Республикалық, облыстық	Білім жетілдірген уақыты. Сертификат нөмірі
1	Ақбергенова Гульбану Арыстановна	«Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың ғылыми әдіснамалық негіздері  Мектепке дейінгі ұйым басшыларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша	Атырау қаласы «Өрлеу» АҚ  Филиал Центра педагогического мастерства в г.Атырау	72 сағат №0378490 29.01.2021ж  80 академиялық сағат №000557 16.11.2021ж

		«ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселері»	Атырау облысы әкімі аппаратының мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау, біліктілігін арттыру және тілдерді оқыту өңірлік орталығы	24 академиялық сағат №07673 07-09.09.2016ж
2	Султанғалиева Гульназ Кашимовна	Педагогикалық квалиметрияның теориясы мен практикасы: мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқытудың сапасын басқару  «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту аясында мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық менеджмент»  «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын айқындайтын нормативтік-құқықтық құжаттар аспектілері»  «Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік жұмыстың ұйымдастырушылық-педагогикалық аспектілері»  «Интеллектуалдық дамыту ойындары-баланың әлеуетін арттыру құралы»	Атырау қаласы «Өрлеу» АҚ  Атырау қаласы «Өрлеу» АҚ  Нұр-Сұлтан қаласы  Атырау қаласы «Өрлеу»  Нұр-Сұлтан қаласы Центр «Интеллектум»	72 сағат №0220453 01.06.2018ж.  36 сағат №0285777 30.11.2018ж.  72 сағат №162 27.09.2019ж.  72 сағат №0344125 13.11.2020ж.  12 сағат 14.05.2021ж.
3	Тюлебаева Нургул Токсамбаевна	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту жағдайындағы оқу-тәрбие үрдісінің жасалу бағыттары»  «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары»	Астана қаласы. «Нұр болашақ»  Атырау қаласы «Өрлеу»	№46911901 06.02.2018ж.  40 сағат №0442463 21.01.2022ж.
4	Бекешова Бибигуль Насипкалиевна	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту жағдайындағы оқу-тәрбие үрдісінің жасалу бағыттары»  Педагогикалық квалиметрияның теориясы мен практикасы: мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқытудың сапасын басқару  «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын айқындайтын нормативтік-құқықтық құжаттар аспектілері»	Астана қаласы. «Нұр болашақ»  Атырау қаласы «Өрлеу»  Нұр-Сұлтан қаласы	№46911901  06.02.2018ж.  72 сағат №0220434 01.06.2018ж.  72 сағат №161 27.09.2019ж.
5	Акинова Айгуль Халимовна	«Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында музыкалық жетекшілердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»	Атырау қаласы «Өрлеу»	36 сағат № 0344019 02.10.2020ж.
6	Мажитова Тлекши Казихановна	Педагогикалық квалиметрияның теориясы мен практикасы: мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқытудың сапасын басқару	Атырау қаласы «Өрлеу»	72 сағат № 0220448 01.06.2018ж.
7	Джоламанова Бибигуль Сарбаевна	Педагогикалық квалиметрияның теориясы мен практикасы: мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқытудың сапасын басқару  «Интеллектуалдық дамыту ойындары-	Атырау қаласы «Өрлеу»  Нұр-Сұлтан қаласы	72 сағат №0220436 01.06.2018ж.  12 сағат

		баланың әлеуетін арттыру құралы»  «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша  Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 235 академиялық сағат көлемінде оқу курсы аяқтады.	Центр «Интеллектум»  Nazarbayev Intellectual Schools  Атырау қаласы Педагогикалық шеберлік орталығынан Атырау қ. филиалы	14.05.2021ж.  235 академиялық сағат Штрих код 199954с24 22.10.2021ж  235 академиялық сағат №008019 08.11.2021ж
8	Есмағамбетова Алма Темірғалиқызы	Педагогикалық квалиметрияның теориясы мен практикасы: мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқытудың сапасын басқару	Атырау қаласы «Өрлеу»	72 сағат №0220435 01.06.2018ж.
9	Козығалиева Галия Қуанғалиевна	-	-	-
